КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжіне»
2021-2022 оқу жылына
оқушыларды қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. КММ Теміртау Мектем-Интернат-Колледжіне оқушыларды қабылдау ережесі білім ұйымдарында оқуға қабылдаудың Үлгі ережелерінің негізінде өңделді, ол техникалық және кәсіби білімнің оқу бағдарламасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19 қаңтар 2012 жылғы №130 бекітілген жарлығына сәйкес іске асырылады.
2. КММ Теміртау Мектем-Интернат-Колледжіне Қазақстан Республикасының, шетелдік және азаматтығы жоқ негізгі білімі бар (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), ортадан кейін, жоғары (кәсіптік жоғары) азаматтар қабылданады.

2. Оқуға қабылдау тәртібі,құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және кіріспе емтихандарын өткізу.

3. КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжіне» оқуға түсуге Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007жылғы «Білім туралы» Заңының 26 бап 8 тарауында белгіленген квота қарастырылған.
4. КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжіне» оқуға түсуге азаматтардың өтініштерін алып, кіріспе емтихандарын өткізіп, білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледж директоры қабылдау комиссиясын құрады, ол өз жұмысын **1 маусымнан** бастап жүргізеді. Қабылдау комиссиясының құрамына төраға, жауапты хатшы, қабылдау комиссия мүшелері кіреді.
5. Талапкерлерді оқуға қабылдау туралы шешім ақпараты **30 тамызға дейін** ақпарат қабырғасында немесе колледждің интернет қорларында көрсетіледі.
6. КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжіне» талапкердің өтініші **20 маусымнан 20 тамызға** дейін қабылданады.
7. Білім ұйымына талапкерлер өтінішке қоса:

- білімі туралы құжаттың түпнұсқасын;
- №086-У формасы бойынша медициналық анықтамасын флюроанықтамасымен бірге (I,II топтағы мүгедектер мен бала кезден мүгедектер медико- әлеуметтік сарапшылық тұжырымын),
- медициналық форма 063(егілу картасын);
- 3х4 4-фотосурет.

Жеке куәлікті немесе тууы туралы куәлікті талапкер өзі, ата-анасы немесе заңды тұлғалар ұсынады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар мекен жайы туралы тіркеу белгісімен, олардың мәртебесін анықтайтын құжатты әкеледі:

1) шетелдіктер- шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруы туралы көрсетімін;
2) азаматтығы жоқ тұлғалар – тұлғаның азаматтығы жоқ куәлігін;
3) ауғындар – ауғындық куәлігін;
4) баспана іздеуші тұлғалар – баспана іздеп жүрген айғағын;
5) оралмандар – оралмандар куәлігін.

8. КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжінде» кіріспе емтихандарыоқуға түсетін талапкермен **1 тамыздан 28 тамызға** дейін кеңес түрінде жүргізіледі.

Кіріспе емтихандары КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжінде» оқуға түсетін талапкердің өтініші бойынша қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

9. КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжінде» оқушылар қатарына қабылдау–

25 тамыздан 30 тамызға дейін негізгі орта және жалпы орта білімі туралы құжаттарында көрсетілген профильдік пәндер бағалары мен кеңесу нәтижесіне сәйкес жүргізіледі.

10.КММ «Теміртау Мектеп-интернат-колледжінде» талапкерлерді қабылдау

қабылдау комиссиясының ашық отырысында әр кәсіби мамандық бойынша қабылданады.